



ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: ЖАҢА ЖОБА, ЖАҢА ТАБЫС

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОБЛЫС ӘКІМІ ҚЫРЫМБЕК КӨШЕРБАЕВҚА «ЕҢ ҮЗДІК БИЗНЕС ОРТА ҚҰРҒАНЫ ҮШІН» НОМИНАЦИЯСЫ БОЙЫНША «АЛТЫН САПА» СЫЙЛЫҒЫН ТАБЫСТАДЫ



11 ЖЕЛТОҚСАНДА АСТАНАДАҒЫ «ЭКСПО» КОНГРЕСС ОРТАЛЫҒЫНДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ КАРТАСЫ ЖОБАЛАРЫН ТАНЫСТЫРУ ЖӘНЕ «ПАРЫЗ», «АЛТЫН САПА» СЫЙЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ.

ЕЛБАСЫ ІС-ШАРА БАСТАЛАР АЛДЫНДА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЖӘНЕ ЦИФРАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖОБАЛАРЫ ҚОЙЫЛҒАН КӨРМЕНИ АРАЛАП КӨРДІ.

АЙТА КЕТЕЙІК, «ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЕКІНШІ БЕСЖЫЛДЫҒЫ. ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН» ЖАЛПЫҒАТТЫҚ ТЕЛЕКӨПІРДЕ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ОБЛЫС ӘКІМІ ҚЫРЫМБЕК КӨШЕРБАЕВҚА «ЕҢ ҮЗДІК БИЗНЕС ОРТА ҚҰРҒАНЫ ҮШІН» НОМИНАЦИЯСЫ БОЙЫНША «АЛТЫН САПА» СЫЙЛЫҒЫН ТАБЫСТАДЫ. СОНДАЙ-АҚ, ТЕЛЕКӨПІР БА-РЫСЫНДА ОБЛЫСЫМЫЗДАН ҚҰАТТЫЛЫҒЫ ЖЫЛЫНА 1 МЛН ТОННА БОЛАТЫН ЦЕМЕНТ ЗАУЫТЫН ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ «ҚАРАӨЗЕК» СТАНЦИ-ЯСЫНАН «САРЫАРҚА» МАГИ-СТРАЛДЫ ГАЗ ҚҰБЫРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫН БАСТАУ РӘСІМІ ӨТТІ. ОСЫЛАЙША, ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА СЫР ЕЛІ ӨЗІНІҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ МЕН ЕЛБА-СЫ БАСТАМАЛАРЫНА ҮН ҚОСУДА КӨШБАСШЫ ӨНІР ЕКЕНІН ТАҒЫ БІР ПАШ ЕТТІ.



Сонымен 2018 жылғы рейтинг қорытындысы бойынша Қызылорда об-лысы бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдай жасаған ең үздік өңір деп та-нылып отыр.

Айта кетейік, 2018 жылдың 1 қара-шасында өңірде 51 956 шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген, оның ішінде 42 066-сы жұмыс істеп тұр. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 12,7%-ті құрады. Бұл – республикада ең жақсы көрсеткіш. Сонымен қатар, жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің үлесі тіркелгендер са-нының 80,9% -ін құрады.

Естеріңізге сала кетейік, жап-пай кәсіпкерлікті дамыту, халықты жұмыспен қамту мәселелерін тиімді

шею мен жалты ішкі өнімдегі шағын және орта бизнестің үле-сін айтарлықтай арттыру мақса-тында облыс әкімдігінің, облыстық мәслихаттың, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының, қоғамдық ке-ңестің және өңірлік кәсіпкерлер палата-сының шеңберінде 2018-2020 жыл-дары өңірде жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үш жылдығы ретінде жарияланды. Жыл басында «Жап-пай кәсіпкерлікті дамытудың жол картасы» әзірленді. Шағын және орта бизнесті қаржыландыруға рес-публикалық және облыстық бюджет-тен, банктер мен қорлардан 32 милли-ард теңгеден астам қаржы бөлінді. Оның ішінде стартап-жобаларға 3 миллиард теңгеден астам қаржы қарастырылған.

Жаппай кәсіпкерлікті, әсіресе ауылдық жерлерде дамытуға өңірде басымдық беріліп отыр. Облыстың әрбір ауылдық елді мекеніне жергілікті атқарушы органдар мен орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің басыптарынан шағын және орта бизнесті дамытуға жауап-тылар бекітілді. Сонымен қатар, жыл қорытындысы бойынша өз ісі-осы жылы бастаған әр аудан мен об-лыс орталығындағы үздік стартап-кәсіпкерлерді, сондай-ақ ауданның үздік әкімін және жауапты лауазым-ды тұлғаны 1 млн теңге көлеміндегі сыйақымен марапаттау туралы ше-шім қабылданды.

Болашақ және өз істерін бастаған кәсіпкерлер үшін барлық қолайлы жағдайларды жасау мақсатында

«Кәсіпкерлер үйінің» ашылуы бұл үлкен бастаманы шырқыра түсті. Мұнда облыстық Кәсіпкерлік және ту-ризм басқармасы, «Қызылорда» Өңір-лік инвестициялық орталығы, Кәсіп-керлерге қызмет көрсету орталығы, «Жобаларға сараптама жүргізу орталығы» ЖШС, Өңірлік кәсіпкерлер палатасы, екінші деңгейлі бірқатар банк филиалдары және өзге де меке-мелер орналастырылған. Сондай-ақ, аймақ кәсіпкерлері үшін электрондық қызмет түрлерін тегін алуға болатын онлайн-кабинет жұмыс істейтінін де айта кеткен жөн.

Жалпыұлттық телекөпірге қайта оралсақ, Бұл шарала Мемлекет басы-сына индустриялық-инновациялық да-му бағдарламасы аясында жүзеге асы-рылған 28 жаңа жоба таныстырылды.

«DALATEX» – тұтынушы талғамындағы тауар өндіруші

Астанада өткен «Алтын сапа», «Қазақстанның үздік тау-ары» және «Парыз-2018» конкурсының жеңімпаздарын ма-рапаттау рәсімінде қызылордалық «Dalatex» ЖШС үздіктер қатарынан көрінді.

Шынар БЕКБАН.

Құрылғанына көп бола қой-маған «Dalatex» ЖШС қатысқан «Қазақстанның үздік тауары» респу-бликалық көрме-конкурсына биыл 153 шағын, орта, ірі бизнес субъектілері іріктеліп алыныпты. Олардың арасы-нан үздіктер «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын», «Халыққа арналған тауар шығаратын үздік кәсіпорын», «Қызмет көрсететін үздік кәсіпорын» және «Азық-түлік тауарларын және ауыл шаруашылығы өнімдерін шы-ғаратын үздік кәсіпорын» аталымда-

ры бойынша анықталды. Алғашқы өнімі шиканнан-ақ, халықтың оң бағасын алған «Dalatex» «Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациясының жеңімпазы болды. «Димаш» ерлер киімі дүкенінің иесі, кәсіпкер Ділімұхамед Өбізов «Dalatex» брендімен 100% мақтадан тұратын ерлер жейдесін шығаруда. Бұған дейін дүкенге киімдерді сырт-тан алдырып келген кәсіпкердің өзімізде ерлер жейдесін тигуді қолға алғанына көп бола қойған жоқ.

Құрылғы Жапонияның, ал тех-нология мен маталар – Түркияның өнімі. Фабрикада 40-қа жуық адам жұмыс істейді. Жұмысшылардың дені жастар. Тігін фабрикасының өнімдері әзірге ел нарығына шығарылуда, бо-лашақта алыс-жақын шет елдерге де экспортталмақ. Отандық өнім-нің бағасы тұтынушылар үшін қол-жетімді, өзге шетелдік өнімдерге қарағанда анағұрлым арзан. Көпшіліктің көзайымына айналған фабрикада күніне 300-500 дана көйлек тігіледі. Сатып алушыларға ыңғайлы болу үшін еліміздің өзге де өңірлерінен сауда қоймаларын ашу жоспарланған. 2016 жылдан бері отандық на-рықты игере бастаған компанияның Қазақстанның әр өңірінде өкілдіктері бар.



«PARYZ – 2018»

«СКЗ-У» – табиғат жанашыры

«Парыз – 2018» сыйлығының «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясының күміс жүлдегері болып жанақорғандық «СКЗ – У» ЖШС танылды.

Зауыт 2007 жылы Қазақстан, Ка-нада және Жапония мемлекеттері компанияларының құрылтайшылығы-мен құрылған. Жанақорған ауданындағы

Кейден ауылының маңында орналасқан өндіріс орны «Қазатомпром» АҚ-ға қарасты уран өндіретін кәсіпорындарды күкірт қышқылымен қамтамасыз етеді. Қуаттылығы жылына 500 мың тонна. Қалдықсыз өнім шығаруды мақсат еткен зауытта шикізаттың өнімге айналу мөлшері 99,9 процент. Экономикаға ауқымды үлес қосқан зауыт қазір 270 адам жұмыс істесе, оның 170-і жергілікті тұрғындар. «СКЗ-У» ЖШС-ла күкірт қышқылымен қатар электр энергиясы да өндіріледі. 2013 жылы зауытта алғашқы өнім шыға бастағаннан-ақ, электр энергиясына сұраныс артқандықтан, өндіріс орны 420 кВт-тық өзінің күн электр станциясын іске қосады. Бүгінде аталған электр энергиясы серіктестіктің жұмысшылар тұратын қала-шығын толықтай жарықпен қамтамасыз етіп отыр. Отандық өндірісте елеулі орны бар зауыт жұмыстың табиғатқа зиял келтірмеуін басты мақсат еткен.



«РУ-6» – үздіктер қатарында

Мемлекет басшысының «Па-рыз – 2018» сыйлығының «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын» номинациясының қола жүлдесін «Ру-6» мекемесі жеңіп алды.

Осыдан 35 жыл бұрын КСРО жалпы машина жасау министрлігінің бұйрығымен Шиелі кентінде «РУ-6» атты уран өндіретін



кәсіпорын құрылды. Сол жылдан бастап өндіріс орны «Қарамұрын» кен орнындағы уранды өнеркәсіптік мақсатта өндіре бастайды. «Кен басқармасы-6» ЖШС 1997 жылдан бастап «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ кәсіпорындары құрамында. Бүгінде «РУ-6» ЖШС «Солтүстік Қарамұрын» және «Оңтүстік Қарамұрын» кен орындарында уранды жерасты ұңғымалы шаймалау әдісімен өндіріп, өңдеу жүргізеді. Зерттеу-лер бойынша, бұл әдіс уранның экологиялық тұрғыда таза өндірілуін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, компания осы жылдар ішінде металл өндірісін, құрылыс базасын және заманауи автопарк қалыптастырып, комму-никация, энергетика және коммуналдық қызметтерді де қатар дамыта бастаған. Бүгінде «РУ-6» ЖШС өндірістік әлеуеті жоғары, бірегей технологияларға, қуатты өндірістік базаға, жоғары білікті мамандарға ие компания. Өзінің еңбек жолын осы өндірісте бастаған жүздеген маман қазір ел бойынша Ұлттық атом компаниясының түрлі кәсіпорындарында табысты еңбек ету-де.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ ӨТКІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР

14 ЖЕЛТОҚСАН

Сағат 17.00. 16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздігі күніне арналған мерекелік салтанатты шара. Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.

Сағат 17.00. «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» атты мерекелік салтанатты шара. Арал аудандық мәдениет үйі.

Сағат 17.00. «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» атты мерекелік концерт. Қазалы аудандық мәдениет үйі.

Сағат 17.00. «Тәуелсіздік-тұғырым» атты салтанатты жиын. Қармақшы аудандық мәдениет үйі.

Сағат 17.00. «Тәуелсіздік – азаттығым, таң нұрым» салтанатты жиын. Жалағаш аудандық мәдениет үйі.

Сағат 17.00. «Еліміздің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты мерекелік концерттік бағдарлама. Сырдария аудандық мәдениет үйі.

Сағат 11.00. «Еліміздің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты салтанатты шара. Шиелі аудандық мәдениет үйі.

Сағат 11.00. «Тарих тартуы – Тәуелсіздік» атты мерекелік салтанатты шара. Жанақорған аудандық мәдениет үйі.

Сағат 15.00. «Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты мерекелік шара. «Достық үйі».

Сағат 10.00. Кәсіпкерлік нысандардың ашылуы (Күріш ақтау және жем өндіру цехы, токарлық цехы, автобөлшектер дүкені және қызмет көрсету орталығы). Жалағаш кенті.

15 ЖЕЛТОҚСАН

Сағат 19.00. Р.Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай» драмасының қойылымы. Қызылорда қаласы, Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.

16 ЖЕЛТОҚСАН

Сағат: 11.00. ҚР Тәуелсіздігі күніне арналған «Еліміздің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты концерт. 55/47 әскери бөлімі.

Сағат: 11.00. «Тәуелсіздік халқымыздың санғасырлық арманы» атты тақырыптық экскурсия. Қала тарихы музейі.

Сағат: 11.00. «Қазақстан: Кеше. Бүгін. Ертен» ашық есік күні. Арал ауданы. Облыстық тарихи-өлкетану музейі.





ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: ЖАҢА ЖОБА, ЖАҢА ТАБЫС



ТАМПОНАЖДЫ ЦЕМЕНТ ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Тәуелсіздік күні қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өткен «Индустрияландырудың екінші бесжылдығы. Қазақстанда жасалған» жалпыұлттық телекөпір барысында еліміз бойынша 28 жобаның тұсауы кесілді. Солардың қатарында 5 ретте Қызылорда облысы, Шиели ауданындағы қуаттылығы жылына 1 млн тонна болатын тампонажды цемент зауыты іске қосылды. Тікелей байланыс арқылы «Геджуба Шиели Цемент компаниясы» ЖШС бас директоры Ли Цзиньцин Мемлекет басшысына тампонажды цемент шығаратын зауыт құрылысының аяқталғанын баяндады.

«Біздің кәсіпорын – Қазақстанда қалыптасқан қолайлы инвестициялық ахуалдың жемісі. Бүкіл әлем инвестициялар мен технологияларды тарту жолындағы Сіздің еңбегіңізді жақсы біледі. Біздің жоба Қазақстан-Қытай серіктестігінің нәтижесі» – деді Ли Цзиньцин.

Мемлекет басшысы кәсіпорын жұмысына табыс тілеп, цемент зауытын іске қосуға рұқсат етті.

Аталған зауыт жылына 1 млн тонна цемент өндіреді. Жергілікті материалдардан түрлі қоспалар арқылы жетілдірілген өнім негізінен газ, мұнай саласына, уран өндірісіне кеңінен қолданылады. Демек, бір өндіріс орны арқылы басқа да атқарылуы тиіс индустрияландырудың кеңінен қанат жаюына қозғаушы болады деген сөз. Ны-



Шиели ауданы.

санда 260 жұмысшы-қызметкер еңбек ететін болады.

– Жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналастыру мақсатында Қытай еліндегі осындай кәсіпорында 48 адам арнайы курстан өтіп келіп, нақты кезеңде қызу еңбекке араласып жүр. Сондай-ақ, Шиели индустриалды-аграрлық колледжінің базасында зауыт басшылығымен өзара келісім нәтижесінде 80 жас маман даярлануда. Аймақ өндірісіне үлкен серпіліс береді деген алып кәсіпорын келер жылдан бастап өз өнімін бере бастайды. Зауыт басшылығымен үнемі пікірлесіп отырамыз, сонда білгеніміз, Қаратаудың цемент шығаруға қажетті қиыршық тастары әуелі күйдіріліп өңделіп, сонан соң ғана өндіріске қолданысқа түседі. Бастапқы қиыншылықтарды жеңе отырып, алғашқы жылы 500 мың тонна тампонажды цемент өндіріледі деген жоба бар. Бұл жоба Елбасының, облыс басшылығының батыл бастамасы деп айтуға толық негіз бар, – деді аудан әкімі Әшім Оразбекулы журналистермен сұхбат барысында.

Бұл жоба өндірістік қуаттарды тасымалдау бойынша 51 бірлескен Қазақстан-Қытай жобасының тізіміне кіреді. Бас мердігер – «Чайна Триумф Интернэшнл» инженерлік жобаларды басқару және инженерлік бас мердігер ТОП-50 кәсіпорны. Айта кетерлігі, зауытты іске қосу арқылы тағы да қосымша шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға мол мүмкіндік туып отыр. Мәселен, цементке арналған қаптар, асфальтбетонға арналған минералды шаң шығаратын құрылғылар осы жерден шығарыла бастайтын болады.

– Біз азаматтардың жоғары тұрмыс сапасын қамтамасыз ету үшін мейлінше қолайлы жағдай жасап келеміз. «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізілуде. Өткен жылы біз рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік – елімізде 11,2 миллионнан астам шаршы метрді қамтитын тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді. Биыл 12 миллион шаршы метр тұрғын үй немесе 100 мыңнан астам баспана салу жоспарланып отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, Қазақстан Президенті экономиканың түрлі салаларын цифрландыру және бірқатар кәсіпорынның өндіріс үдерісіне инновациялық шешімдерді енгізу барысына тоқталды.

– Төртінші өнеркәсіптік революция элементтерін қамти отырып, өнеркәсіпті технологиялық тұрғыдан қайта жарактандыру индустрияландыру бағдарламасының маңызды құрамдас бөлігі саналады. Қазақстан экономикасы әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін дамудың түбегейлі жаңа моделіне көшуі тиіс. Еуразия экономикалық одағы және Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» халықаралық бастамасы аясындағы қазіргі экономикалық әлеуетті мейлінше тиімді пайдаланып, оны арттыру қажет, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы индустрияландырудың үшінші бағдарламасының стратегиясын нақты нәтижелерге бағыттай

1-бет

PIKIR

ЖАҢА БАСТАМАЛАРҒА ЖІГЕРЛЕНДІРДІ

«Индустрияландырудың екінші бесжылдығы. Қазақстанда жасалған» Жалпыұлттық телекөпір барысында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев облыс әкімі Қырымбек Көшербаевқа «Ең үздік бизнес орта құрғаны үшін» номинациясы бойынша «Алтын сапа» сыйлығын табыстады. Бұл – кәсіпкерлікті қолдау ұшжылдығының алғашқы жылы қорытындыланған кездегі айтулы жетістік, яғни аймақтың бизнесті өркендетуге бағыты дұрыс екенін білдіреді.

Біз, кәсіпкерлер, облыс басшылығының қамқорлығын, қолдауын үнемі сезініп келеміз. «Сыр маржаны» ЖШС бұған дейін «Қазақстанның үздік тауары», «Іскер» номинацияларын



отырып, жан-жақты пысықтау керек екенін атап өтті.

– 2025 жылға қарай еңбек өнімділігі 1,7 есе, өнімді экспорттау көлемі 2,3 есе өсуге тиіс. Өңдеу өнеркәсібі мен шикізаттық емес экспортты қолдауға қосымша 500 миллиард теңге бөлу жөнінде тапсырма бердім. Бұл қаражат экспортқа бағытталған кәсіпорындарға қаржылай және қаржылай емес кешенді қолдау көрсетудің құралдарын көбейтуге жұмсалатын болады, – деді Қазақстан Президенті.

Елбасы өңдеу өнеркәсібінің барлық буынында салалық басымдықтардан тиімді өндірушілерге қолдау көрсетуге көшу үдерісін жүргізетінін айтты.

– «Қарапайым заттар экономикасын» дамытуды ынталандыру қажет. Технологиялық тұрғыдан күрделі емес тұтыну заттарының

импортын алмастыруға күш жұмылдыруымыз керек. Менің тапсырмам бойынша екінші деңгейлі банкітердің басымдыққа ие жобаларын несиелендіру үшін қосымша 600 миллиард теңге бөлінетін болады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы еңбек өнімділігін арттырудың және жеке секторды ығыайтудың маңыздылығына тоқталды.

– Экономиканың нақты секторына ғылыми-техникалық қызметтер нәтижесін енгізу жөніндегі жұмыстарды жандандырып жөн. Мысалы, қазірдің өзінде Назарбаев Университетінде 120 ғылыми-зерттеу зертханасы ашылды. Ғылыми әзірлемелер өндірістік міндеттерді шешуді көздейтін нақты кәсіпорындардың тапсырыстарына, соның ішінде жеке инвестициялар есебінен берілетін тапсырыстарға бағытталуға тиіс, – деді Елбасы.

Қазақстан Президенті индустриялық даму үдерісіне «Астана» халықаралық қаржы орталығы мен IT-стартаптардың халықаралық технопаркін тарту қажеттігін айтты. Бұл ретте, Үкіметке әртараптандыру және индустрияландыру мәселелерін кешенді түрде шешуге күш жұмылдыру жүктелді.

Іс-шара соңында Нұрсұлтан Назарбаев «Парыз» және «Алтын сапа» сыйлықтарының жеңімпаздарын марапаттады, бизнесмен айналысуға қолайлы жағдай жасағаны үшін өңір басшысына арнайы награда берді.



жеңіп алғандықтан, Астанада өткен шараға құрметті қонақ ретінде шақырылып, қатысып қайтты.

Алдағы уақытта күріштен басқа мал басын көбейтпекпіз. Қазір 3 мың басқа арналған бордақсылау алаңында мал өсіріп,

оның өнімдерін жақын шетелдерге шығаруды жолға қойдық. Бұл бастамамыз Қызылорда қаласынан жылына 5 мың тонна ет өңдейтін комбинат салуға жігерлендірді. Ол кезде Қытай мен Еуропа нарығына шығамыз.

Осының бәрі аймақтағы кәсіпкерлік бастамаларға көрсетілген қолдаудың арқасында мүмкін болып отыр. Қазіргі бизнес бастаушыларға демеу болатын бағдарламалар, облыс әкімінің әрі ауылдық округтің жағдайын жіті қадағалап отыруы, басқарма басшыларының кураторлығы, қаржы институттарының қолжетімділігі сияқты артықшылықтар кәсіпкерліктің кең қанат жаюын жеделдетеді.

Мінжәлин ӨТЕВ, «Сыр маржаны» ЖШС директоры, облыстық мәслихат депутаты.

ҚОЛАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫ

Бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдай жасалса, бұл, әсіресе, өз ісін бастаушыларға тиімді. Мен 2015 жылдан бері бизнес-жоспарымды жасап, жұмысымды жолға қою үшін еңбектеніп келемін. Осы уақыт ішінде «Әсем тас» деген серіктестік құрып, тас төсеніштер, брусчатка, бордюр, плитка, легокіріш өндірісінің қырсырын едәуір менгердім.

Кәсіпкерлік палатасы арқылы өңірлік инвестициялық орталықтан барлығы 12 млн теңгеді қаражат алып, 10 адамды тұрақты жұмыспен қамтыдық. Биыл 1200 мың теңге қайтарымсыз грант алып, жұмысымыздың ауқымын кеңейт-



тік. Қазір ана шеті Түркістан облысы, мына шеті Арал ауданы біздің өнімдерімізді пайдаланады. Шикізатты да алыстан тасымалдау, өзiмiздiң Жанақорғаннан шығады. Қыс түссе де жұмыс

қарқыны бәсеңдеген жоқ, өйткені сұраныс жоғары.

Біздің өнім «Қазақстанның үздік тауары – 2018» облыстық көрме-байқауының «Өндірістік максаттағы үздік тауарлар» аталымы бойынша жеңімпаз атанған еді. Республикалық көрме-байқауына жолдама алдық. Осы жолы «Алғаш хатпен» орадық.

Астанада өткен телекөпірге қатысып, аймақ басшысының біздің облыста қалыптасқан үздік бизнес орта үшін марапат алғанына бәріміз қуандық. Лайықты сыйлық, өйткені біздің өңірде өз ісін бастаймын, іргесін кеңейтемін деген азаматтарға қолдау көрсетудің жүйесі жасалды.

Жомарт ШАУЕВ, «Әсем тас» ЖШС құрылтайшысы.

«САРЫАРҚА» – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖОБА

«Сарыарқа» газ құбыры Сыр елінен бастау алды. Индустрияландыру күнінде Мемлекет басшысы Астананы газдандыру жобасын іске қосты.

– Сіз жариялаған бес әлеуметтік бастаманың бірі елдің орталық және солтүстік бөліктерін газдандыруға арналған. «Сарыарқа» магистральды газ құбыры «Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана бағдары» бойынша өтеді. Оның жалпы ұзындығы 1061 шақырымды құрайды және бір жылдағы газ өткізу мүмкіндігі 2,2 млрд текше метрге жетеді. Аталған жобаны іске асыру 2 млн 700 мың қазақстандықты газбен қамтамасыз етуге жол ашады. Президент мырза, «Сарыарқа» жобасының бірінші кезеңін жүзеге асыру үшін арнайы капсуланы орнатуға рұқсат беріңіз, – деді «АстанаГаз КМГ» АҚ бас директоры Сағидолла Мақашев жалпыхалықтық телекөпір кезінде.



«Сарыарқа» жобасының бірінші кезеңін іске қосуға пәрмен берген Президент индустриялық жобаның маңыздылығын айрықша атап өтті.

– Біз мұнай мен газ шығаратын мемлекет ретінде Қазақстанның орталығын газдандыру мәселесіне енді ғана назар аудардық. Бұл – ел алдындағы үлкен жауапкершілік. Менің ойымша, біз келесі жылы осы маңызды газ құбырының құрылысы аяқталып қалды деп айтатын боламыз. Бұл газ құбыры елордаға дейін жетіп, әр үйге барады. Осылайша өнеркәсібіміз өркендей түседі. Сіздерге сәттілік тілеймін, – деді Елбасы.

Еске салсақ, тәуелсіздік алған жылдардан бері елімізде тұрғындардың 50 процентке жуығы газбен қамтамасыз етілді. Алайда, көгілдір отын орталық және солтүстік өңірлерге жете қойған жоқ. Елбасы ұсынған «Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана» газ құбырын салу жобасы осы оңалықтың орнын толтыруға бағытталып отыр. Жоба ауқымдылығына байланысты үш кезеңге бөлінген. Бірінші кезеңде өңірдегі «Қараөзек» кен орнынан басталатын газ құбыры Жезқазған, Қарағанды, Теміртау арқылы Астанаға жеткізіледі. Екінші кезеңде Астанадан Көкшетауға тартылса, үшінші кезеңде

«Көкшетау – Петропавл» газ құбыры іске қосылмақ.

– Келесі жылы газ құбыры Астанаға жеткен жағдайда 160-тан астам елді мекен тұрғындары табиғи газға қол жеткізеді. Қазіргі күні бас мердігер анықталып, тиісті қаржы бөлінді. Жоба бірыңғай газ-транспорттық жүйенің жалғасы екендігімен ерекшеленеді. Тиімділігі, көгілдір отын Батыс Қазақстаннан еліміздің өзге өңірлеріне дейін барады. Газ құбырының құрылысын жүргізуге 2,5 мың адам тарту, ал ол пайдалануға берілгеннен кейін 700-800 адамды тұрақты жұмыспен қамту көзделіп отыр, – дейді «КАТЭК» жобалаушы инженеринг компаниясының бас директоры Құндыз Нұпов.

Стратегиялық маңызды жоба көптен шешімін таппай келе жатқан Ақмола, Қарағанды облыстары мен Астана қаласын газбен қамту мәселесінің шешілуіне мүмкіндік береді. Ел аймақтарын газдандыру – Елбасының бес әлеуметтік бастамасының бірі екенін ескерсек, мұның тиімді тұстары орасан. Ең алдымен, тұрғын үйлер мен мекемелерді көгілдір отынмен жылыту электр қуатын үнемдеуге әрі қаржы шығынын азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен, қатар «Бұрабай» курортты аймағы орналасқан Көкше өңірінің табиғатына зиянды әсерді төмендетеді.

«Сыр бойының» тілшілер тобы.



СЕССИА

Кеше өткен облыстық мәслихаттың кезекті 25-ші сессиясы аймақ үшін айтулы жаңалыққа тілектестікпен бастау алды. Сессия төрағасы Ибадулла Құттықожаев облыс басшысын Астана қаласында өткен “Индустрияландырудың екінші бесжылдығы. Қазақстанда жасалған” Жалпыұлттық телекөпір барысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтан “Ең үздік бизнес орта құрғаны үшін” номинациясы бойынша “Алтын сапа” сыйлығын алуымен депутаттар корпусы, сессия қатысушылары атынан құттықтап, ел игілігі үшін атқарылып жатқан істерге тілектестік білдірді.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

ӘРБІР ЖЕТІСТІК – ЕЛ БІРЛІГІНІҢ АЙҒАҒЫ

Мұнан соң облыс әкімі Қырымбек Көшербаев сөз алып, Елбасының Қызылорда облысын кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы аймақ ретінде бағалап, арнайы сыйлық табыстауы баршаға ортақ жеңіс екенін атап өтіп, өз құттықтауын жеткізді. Аймақ басшысы сондай-ақ соңғы уақыттары өңірімізде болып жатқан маңызды шараларға тоқталды.

– Желтоқсан айының басында соңғы бес жыл ішінде аймақ экономикасына инвестиция тартуға зор үлес қосып келе жатқан “Байқоңыр-Инвест” форумының кезекті шарасы сәтті өтті. Оған 15 мемлекеттің қаржы және бизнес өкілдерімен бірге бес елдің төтенше және өкілетті елшілері қатысты, – деді облыс әкімі.

Форум қорытындысымен облыс экономикасы үшін өте маңызды 14 меморандумға қол қойылды. Ал 11 желтоқсанда Индустрияландыру күні аясында Елбасының қатысуымен өткен жалпыұлттық телекөпірде аймағымыз үшін маңызды екі ірі құнды жоба іске қосылды. Оның біріншісі – Шиели ауданындағы “Геджуба Шиели Цемент компаниясы” ЖШС-ның қуаттылығы жылына 1 млн тонна болатын цемент зауыты. Бұл – аймақтағы қолайлы инвестициялық ахуалдың жемісі және Қазақстанда тампонажды цемент шығаратын алғашқы кәсіпорын. Оның өнімдері тек құрылыс саласында ғана емес, сондай-ақ мұнай-газ өндірісінде де кеңінен қолданылады және экспортқа шығарылады. Бұл зауыттың іске қосылуы облыста құрылыс саласының жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік береді. Кәсіпорында 260 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Екіншісі – “Сарыарқа” газ магистралінің құрылысы. Бұл жоба Елбасының 5 әлеуметтік бастамасында көрсетілгендей, еліміздің орталық және солтүстік аймақтарын көгілдір отынмен қамтамасыз етеді. Өткізгіштің қуаты жылына 2,2 млрд текше метр болатын газ құбырының ұзындығы 1061 шақырым. Жоба жүзеге асырылғанда 3 миллионға жуық халық көгілдір отынмен қамтамасыз етіледі. Келісім бойынша Қызылорда өңірінде жергілікті компания жұмыс істейді.

Аймақ басшысының және атап өткеніндей, тұрғындар көптен күткен ақ жолтай хабар – уақыт белдеуінің өзгеруі болып отыр.

Облыс әкімінің ұсынысы Мемлекет басшысы тарапынан қолдау тауып, Үкіметтің арнайы қаулысы шықты. Бұл тұрғындардың, әсіресе балалардың денсаулығына әсер ететін физиологиялық ауытқуды жоюға мүмкіндік береді. Сонымен бірге аймақтың табиғи-географиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайына оңтайлы әрі экономикалық шығындар әкелмейді. Ал электр энергиясын тұтыну 4,2% көлемінде үнемделеді деп күтілуде.

Аймақ басшысы облыс бюджетіне енгізілетін өзгертулер депутаттардың жан-жақты талқылауынан өткенін тілге тиек етті. Бюджетті 1,3 млрд теңгеге нақтылау ұсынылуда. Бұл қаражат мемлекеттік сатып алудан үнемделген қаржы мен мемлекеттік бюджет кірісінен құралып отыр. Қаржының басым бөлігі Қызылорда қаласын дамыту шығындарына бағытталады.

Облыс әкімі 2018-2020 жылдарға арналған бюджетке шолу жасады. 2018 жылғы бюджет 190,8 млрд теңге болып бекітілсе, жыл ішінде республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен жергілікті бюджет кірісін ұлғайту есебінен 226,5 млрд теңгеге жетті. Бұл қаражат облыстағы көптеген мәселелерді шешуге, атап айтқанда, жолдарды жөндеуге, балабақшалар мен ауыл клубтары құрылыстарына, апатты мектеп орнына жаңа ғимарат салуға, Сырдарияның сол жағалауын дамытуға бағытталады. Басымдықтар 2019 және 2020 жылдарға арналған бюджеттерде де сақталатын болады. 2019 жылдың бюджеті 210,3 млрд теңге болып бекітіледі. Сәйкесінше, 2018 жылы бекітілген бюджеттен 19,5 млрд теңгеге артық. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде келесі жылы барлық министрліктер мен Үкіметтен 57,6 млрд теңге мақсатты трансферттер мен несиелер алу жоспарланып отыр. Бұл 2018 жылмен салыстырғанда 30 млрд теңгеге артық. Дегенде, бұл тек алғашқы цифрлар, әйткенмен, Президент тапсырмасына сай, қызылордалықтардың дайын жобаларын ұсынып, тағы да 20-25 млрд теңге қаржы алуға мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ, Елбасы Жолдауынан туындайтын міндеттерді іске асыру үшін қажетті қаржы қарастырылды. Келесі жылы облыстың даму бюджеті әзірге 39,4 млрд теңгені құрайтын болады. Алдымызда тұрған ауқымды міндеттерді ескере отырып, жаңа резервтер іздеу, салық базасын кеңейту, тиісінше Үкіметпен орталық атқару органдарымен және бизнес қауымдастығымен нәтижелі жұмыстарды одан әрі жандандыра түсу қажет.

– Біздің жұмыстарымыздың маңызды бағыттарының бірі – халықаралық қаржы ұйымдарымен және мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында өңірдің дамуына инвестициялар тарту болып табылады. Қазіргі күні өңірде экономиканың барлық салаларында МӘЖ аясында 75 жоба жүзеге асырылу сатысында. 32 жоба бойынша келісім-шарттарға қол қойылды, – деді осы орайда облыс басшысы.

Бірлескен жұмыстар нәтижесінде барлық салада дамудың оң динамикасына қол жеткізілді. Оның ішінде кейбір салалар бойынша Қызылорда облысы республикада көш басында тұр. Ал аймаққа қатысты кейбір өзекті мәселелерді шешу-

ге орай, Президентке ұсыныс берілген. Ол бойынша тиісті жұмыстар жүргізілетін болады. Осындай басымдықтарды саралап өткен облыс басшысы депутаттарды алда келе жатқан мерекелермен құттықтады.

Мұнан соң депутаттар сессияның күн тәртібіндегі 2018-2020 жылдарға арналған облыс бюджетіне өзгерістер енгізу туралы ұсынысты бірауыздан қолдап, дауыс берді. Келесі кезекте облыстық полиция департаменті Жергілікті полиция қызметінің басшысы Бауыржан Ибраев өзі

басқарып отырған құрылым жұмысы жайлы есеп берді. Ол облыс көлемінде жалпы қылмыстылықтың ахуалын бір қалыпқа келтіріп, жол-көлік оқиғаларын азайту бағытында атқарылып жатқан жұмысты баяндап, көптеген оң нәтижелерге қол жеткізілгенін мәлімдеді. Осы жылдың 10 айлық қорытындысында облыс көлемінде жалпы қылмыстардың саны 14 процентке төмендеген.

Осы ретте облыс басшысы жергілікті полиция қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында қытайлық компания көмегімен облыс орталығында “Қауіпсіз қала” жобасын енгізу туралы жоспар барын айтып өтті. Ол мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жүзеге асырылады. Алдағы ақпан айында келісімге қол қою жоспарланған. Жоба шеңберінде интеллектуалдық камералар орнатылады. Ол іздеуде жүрген адам қандай болып өзгерсе де, тауып беруге көмектеседі. Бұл республикадағы алғашқы жоба болмақ. Оның сәтті жүзеге асуы үшін полиция офицерлерінің заманауи технологиялармен жұмыс істеу біліктілігін арттыру қажет. Осы бағытта жұмыстар жүргізу туралы полиция басшысына тапсырма берілді.

Бұдан кейін күн тәртібіндегі басқа да мәселелер талқыланып, тиісті шешімдер шығарылды. Солардың қатарында облыстық комиссия ұсынысымен “Қызылорда облысының құрметті азаматы” атағын Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрі қызметін абыроймен атқарған мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Саржановқа, әлемдік ғылымда өзіндік орны бар академик Әбдүллі Бәйешовке, қаламгерлер қауымының белді өкілі, республикалық қоғамдық-саяси “Айқын” газетінің бас редакторы Нұрғәлі Жүсіпке беру туралы мәселе қаралды. Облыс әкімі аталған азаматтардың қайраткерлік қарым-қабілеті, қадір-қасиеті, білімпаздығы, ғылымдағы жетістігі, тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуіне, әлемдік деңгейде танылуына үлес қосып келе жатқаны туралы баяндап берді. Халық қалаулылары бұл ұсынысты қолдап, дауыс берді.

Сессия жұмысының соңында облыс басшысы бірқатар депутаттар мен аудан әкімдеріне және мемлекеттік органдардың басшыларына “Астанаға 20 жыл” мерекелік медалін салтанатты жағдайда табыс етті. Сонымен бірге “Біздің депутат” республикалық қоғамдық-саяси газеті 2018 жылғы үздіктерді анықтап, олардың қатарында Райкүл Байназарованы да атап өткені туралы жағымды жаңалықты жеткізіп, халық қалаулысына “Үздік депутат” арнаулы белгісі табыс етілді. Осылайша жылдың соңғы сессиясы жағымды жаңалықтарға толы болды.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

Валюталық қарызды қайта қаржыландыруға өтініш беру мерзімі ұзартылуы туралы

Қазіргі уақытта Ипотекалық тұрғын үй арыздарын/ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасының екінші бөлігі іске асырылуда, оның шеңберінде жеке тұлғалардың 2016 жылғы 1 қантарға дейін алған валюталық ипотекалық қарыздарын Қазақстан Ұлттық Банкінің 2015 жылғы 18 тамыздағы бағамы бойынша теңгемен қайта қаржыландыру жүзеге асырылуда.

2018 жылдың 1-желтоқсанына Бағдарлама аясында банктермен жалпы 198,5 млрд теңге сомасына 30 687 заемшыға көмек көрсетілді. Жалпы, Бағдарлама аясында 60 мың заемға қайта қаржыландыру жүргізіледі деп жоспарлануда.

Бағдарлама шарттарына сәйкес Банктер мен Ұйымдар валюталық заемдарға қайта қаржыландыруды 2018 жылдың 30-желтоқсанына дейін жүргізеді. Заемшы/созаамшының заемды қайта қаржыландыруға беретін өтініші 2018 жылдың 15-желтоқсанын қоса есептегенде бірге жүргізіледі.

Валюталық ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру қарқынының төмен көрсеткішін ескере келе, сондай-ақ Мемлекет Басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Ұлттық Банкпен валюталық ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру 2019 жылдың 15-шілдесіне дейін ұзарту жұмыстары жүргізілуде.

«Азаматтардың Бағдарламаның өлшем-шарттарына сәйкес келетін, бірақ Бағдарламада

белгіленген қайта қаржыландыру мерзімі аяқталған соң банкке қайта қаржыландыру үшін өтініш бермеген қарыздары бойынша банктер қолданыстағы заңнамада көзделген берешекті өндіріп алу рәсімдерін қайта бастауға құқылы. Бұл ретте Қазақстан Ұлттық Банкі өндіріп алу рәсімін тоқтатпайды.

Бағдарламада қарыз алушының борышын толық есептен шығару көзделмейтін және ол сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық сомасы (өсімпұл, айыппұл) бойынша берешекті кешіру арқылы қарыз алушының борыштық жүктемесін төмендетуге бағытталған.

Бағдарламаның талаптарымен Ұлттық Банктің сайтында «Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау» бөлімінде танысуға болады.

Сұрақтар туындаған кезде қарыз алушыларға Қазақстан Ұлттық Банкі Қызылорда филиалына, Қызылорда қаласы Б.Асқар көшесі, 30 үй мекенжайы бойынша қоғамдық қабылдау бөлмесіне өтініш білдіруге және 55-15-25 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Сонымен қатар «ҚҰБ Online» мобильдік қосымшасы арқылы Қазақстан Ұлттық Банкіне өтініш білдіруге болады.

Қазақстан Ұлттық Банкі
Қызылорда филиалы.

Ұлттық Банктің Қызылорда филиалы төмендегі металл ақша өнімдерін сататындығын хабарлайды

Өнім аттары	Құндылығы (теңге)	Салма-ғы (гр.)	11.12.2018 ж. күнгі бағасы (теңге)
Алтын монеталар:			
«Жалаулы қазынасы», «Мысық тектес жыртықш, бұғылармен бірге»	100	1,24	18 500
«2011 жылғы 7-ші қысқы Азия ойындарына арналған монеталар»	100	1,24	19 100
«Baituttahman»	500	3,11	48 100
«Шокан»	500	7,78	116 500
«Әл-Фараби»	500	7,78	116 700
«Абай», «Мешін жылы», «Қоян жылы»	500	7,78	117 000
«Құрманғазы», «Жылқы жылы»	500	7,78	117 300
«Қой жылы»	500	7,78	116 400
«Тауық жылы», «Әбілқайыр хан»	500	7,78	118 400
Күміс монеталар:			
«Баскетбол. Олимпиада ойындары – 2016»	100	31,1	6 000
«Шайбалы хоккей. Олимпиада ойындары 2014»	100	31,1	7 700
«Конькимен сырғанау спорты. Олимпиада ойындары 2014»	100	31,1	9 000
«Сырықпен секіру. Олимпиада ойындары 2016»	100	31,1	6 600
«Бокстан әлем чемпионаты. Алматы 2013»	500	31,1	8 900
«Каспий итбалығы», «Шәкен Айманов»	100	31,1	8 300
«Жаңа жылдарыңізбен!»	100	31,1	10 800
«Тауық жылы», «Әбілқайыр хан»	500	31,1	10 300
«Көкпар», «Қой жылы», «Сірік»	500	31,1	9 300
«Қосаақ»	500	31,1	8 400
«Наурыз мейрамы», «Бауырсақ», «М.Ғабдуллинге-100 жыл», «2015 – Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы»	500	31,1	9 100
«Арқар.Көшпенділер алтыны»	500	31,1	10 200
«Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезіне 10 жыл», «Ұлттық валютаны енгізудің 20 жылдығына арналған ескерткіш монета», «Жылқы жылы», «Шұралас», «Қара кірпі»	500	31,1	8 900
«Шокан», «Т.Г.Шевченкоға 200 жыл»	500	31,1	9 500
«Сексеуіл»	500	31,1	9 900
«Абай», «Мешін жылы», «Үстірт муфлон», «Қожанасыр», «Шыбыншы торғай»	500	31,1	10 000
«Сабаншы»	500	31,1	10 800
«Күлтегін»	500	31,1	10 700
«ХҒС-Халықаралық ғарыш станциясы»	500	41,4	12 300
«Буран» - орбиталық ғарыш кемесі	500	41,4	12 200
«Венера-10» ғарыш аппараты	500	41,4	15 900
«Таы»	500	31,1	12 800
«Шаршы», «С.Айтбаев «Бақыт»	500	31,1	11 000
Бағалы емес металдардан жасалған коллекциялық монеталар			
«Астана 20 жыл»	100	11,17	1 000
«Бұлғын»	100	11,17	1 000
«Тенгеге 25 жыл»	100	11,17	1 000
«Көкбөр»	100	11,17	1 000

Монеталарды Ұлттық Банктің Қызылорда филиалынан сатып алуға болады. Мекен жайымыз: Қызылорда қаласы, Б.Асқар көшесі, 30 үй. Анықтама телефоны: 55-15-25, 55-15-18.

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ ҮДЕРІСІ

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен «Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында немесе корпоративтікшілік ауыстыру шеңберінде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызметі жүзеге асырылады.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің электрондық үкімет порталы арқылы үлесін арттыру мақсатында басқарма тарапынан жұмыс берушілерге портал арқылы, электрондық құраныс

пен құжаттарды «жеке кабинетте» отырып жолдаудың артықшылығын түсіндіру нәтижесінде 2018 жылдың 11 айында 175 заңды тұлғадан рұқсат алуға түскен өтініштердің 172-сі «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры» ақпараттық жүйесі арқылы (98%), 3-і қағаз түрінде (2%) түсіп барлығы, 892 рұқсат берілді. Бюджетке 384,5 млн теңге сомасында салық алымы түсті.

Қазіргі таңда облысқа 2018 жылғы шетелдік жұмыс күшін тартуға бөлінген 1136 бірлік квота шегінде 862 жоғары білікті шетел мамандары рұқсатпен жұмыс жасауда.

Қызылорда облыстық білім басқармасы басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғаларды жеке ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Мекен-жайы, жұмыс телефоны
Мелдбекова Майра Тұрғанбайқызы	Басқарма басшысы	Дүйсенбі	Сағат:16.00- ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс №1 облыс әкімдігінің ғимараты, 340-бөлме, Жұмыс тел: 60-54-51
Бердаулетов Бағдат Камбозұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Сейсенбі	Сағат:16.00- ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс №1 облыс әкімдігінің ғимараты, 340 б-бөлме Жұмыс тел: 60-54-52
Момбек Ділда Жақыпқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Сәрсенбі	Сағат:16.00- ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс №1 облыс әкімдігінің ғимараты, 342-бөлме Жұмыс тел: 60-54-53
Қасимова Ақзира Бақтыбайқызы	Басқарма басшысының міндетін атқарушы	Бейсенбі	Сағат:16.00- ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс №1 облыс әкімдігінің ғимараты, 343-бөлме, Жұмыс тел: 60-54-81
Шынтасов Жасұлан Қанибайұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Жұма	Сағат:16.00- ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс №1 облыс әкімдігінің ғимараты, 341-бөлме, Жұмыс тел: 60-54-54

«Сенім телефоны» нөмірі 60-54-56.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басшыларына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

2019 жылға арналған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда облыстық қалалық аумақтық инспекциялары басшыларының жеке және заңды тұлғалар өкілдерін ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Қабылдаушының аты-жөні	Қабылдаушының лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны
Сәрсенбаев Жандос Әбубәкірұлы	Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының басшысы	Сейсенбі, бейсенбі, сағат 16.00-18.00	Қызылорда к., М.Шоқай көшесі, №150Е	20-15-88
Сыздықов Есенгелді Серікұлы	Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы басшысының орынбасары	Сәрсенбі, жұма, сағат 16.00-18.00	Қызылорда к., М.Шоқай көшесі, №150Е	20-15-83
Ахметов Бекнұр Қахарманұлы	Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының басшысы	Сейсенбі, сәрсенбі, сағат 16.00-18.00	Қызылорда к., Ә.Бөкейхан көшесі, ғимарат №54Б	23-17-12

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда облыстық инспекциясында (8724) 20-15-87, қалалық, аудандық аумақтық инспекциялар бойынша: Арал (8724-33)23689, Қазалы (8724-38)21174, Қармақлы (8724-37)21146, Жалағаш (8724-31)22001, Сырдария (8724-36)22003, Шиели (8724-32)42175, Жаңақорған (8724-35)2610 «сенім телефоны» жұмыс істейтін хабарлайды.

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Өмір-ай... Кейде жанына жақын жандарды арам-ыздан алып кетіп жатады. Аяулы да ардақты бауырымыз Орынкүл Жалмағанбетқызы Қарақұлова алыс екі жасқа қараған шағында өмірден озған еді. Зымыраған уақыт, әне-міне дегенше қырық күн болып отыр.

Бауырымыз Орынкүл Жалмағанбетқызы 1956 жылдың 3 желтоқсанында Қармақшы ауданы, Дүр Онғар ауылында өмірге келген. Ол барынша қарапайым, мінезге бай, ақкөңіл ардақты жан еді. Күннің нұрындай сауле шашып, жаныңды рахатқа бөлейтін жылы сөзі, жүрген ортасында сабырлы кейпінен айнымайтын отбасының берекесі еді. Амал не, ағайынға қамқорлығы мол, жылы жүректі бауырымызды бүгінде сағынышпен еске аламыз. Оқылған дұға қабірін нұрландырып, жатқан жері жарық, иманы жолдас болып, орны жаннаттың төрінен бұйырсын деп тілейміз. Сіз біздің жүрегімізді жасын берсезіз, аяулы жан бауырымыз, Ореке.



Еске алушылар
бауырлары, жұбайы, балалары мен немерелері.

SERGEK

ЗЕЙІН МЕН ЗЕРДЕ ЖАРЫСЫ

Облыстық ардагерлер кеңесі ел тәуелсіздігі мерекесінің қарсаңында мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасында шахматтан жарыс ұйымдастырды.

«Мүгедектерге арналған оналту орталығында» өткен зейін мен зерде сынға түскен сайысқа 30-дан аса мүмкіндігі шектеулі азамат қатысты.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА.



– Жыл сайын мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасында спорттың әр түрінен жарыстар тұрақты ұйымдастырылып келеді. Еліміздің көк байрағын әлемге танытатын спортшыларымыздың есімін мақтанышпен айтамыз. Бұл салада жеңіс тұғырынан көрініп жүрген мүмкіндігі шектеулі азаматтар бар. Сондықтан да спорттың қай түрінен болмасын, қабілет-қарымын сынауға мүмкіндік жасаудамыз, – деді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев.

Шараға қатысқан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары А.Ибраева халықаралық мүмкіндігі шектеулі жандар күніне орай «Дос» қайырымдылық ұйымы аймағымызға 15 қоларба жеткізгенін айтып, бір арбаны орталықтың ем алушысы, «Сыр сұлуы» халықтық ән-би ансамблінің мүшесі, арбада

отырып билеу өнеріне өзіндік үлесін қосып жүрген I топ мүгедегі К.Құнышғароваға табыстады.

Осыдан кейін жарысқа қатысушылар ойынға кірісті. Алғашқы кезеңде-ақ ұтылғандар жеңімпаз қарсыласын құттықтап жатты. Бір сәт көпшілікпен араласып, арқа-жарқа болған жандар бұл күні бір серпіліп қалды.

Төреші Қырмызы Секина жыл сайын ұйымдастырылатын сайыс нәтижесінде мүмкіндігі шектеулі жандардың шахматқа қызығушылығы оянып, қатысушылар қатары көбейіп келе жатқанын айтты.

Қорытындысында I орынды А.Оспанов жеңіп алса, II орынды Б.Жетпісбаев, III орынды А.Әлімбаев иеленді. Жарысқа қатысушылардың барлығы ынталандыру сыйлығымен марапатталды.

ТОҚАБАЙДА ТОЛЫМДЫ ІС КӨП

Ауыл – алтын бесік. Ұлттық қалып сақталған қасиетті мекен. Елбасының елді мекендердің еңсесін көтерудегі үлкен бастамалары да ауылдағы ағайынға біраз серпін бергені белгілі. Президент пәрменімен көп істің көші түзелді, шалғайдағы ағайынның шаруасы оналды. Осындай оң істердің бір парасын Арал ауданынан да аңғаруға болады.

Теніз төскейіндегі ауылдарды аралаған жұрт ондағы елді мекендердің бір-бірінен алыс орналасқанынан хабардар. Теніз қолтығындағы тұрғындар мен қыр беттегі қоныстардың арасы күншілік жер. Осындай алыстағы ауылдың бірі – құм арасындағы Токабай елді мекені. Қала мен 2 кент, 21 ауылдық округ орналасқан ауданда елді мекеннің әлеуметтік мәселесі кезең-кезеңімен шешіліп келе жатыр. Әсіресе, ағайынның басты талабы – жол. Жергілікті билік жыл сайын жолдарды қайта жаңғыртуға көңіл бөлген. Себебі, аудан орталығымен қатынас қиындық туғызбауы қажет. Мәселен, жақында ғана Токабай елді мекеніне тактайдай түзу жолдың тартылып жатқаны туралы сүйінші хабарды естідік. Енді ол елдегі ағайынның ескі соқпақтың қиындығынан құтылатын күні алыс емес. Аудан әкімінің орынбасары М.Мейірбековтің

айтуынша, бүгінде Райым, Қосаман, Ақбасты, Ақеспе, Көктем, Ерімбетжаға, Күршек, Жіңішкекүм, Атанши елді мекендері әлеуметтік мәні бар маршруттар қатарына енгізілген. Алдағы уақытта бюджет қаражаты есебінен субсидиялау арқылы көлік қатынасымен қамтамасыз ету жоспарлануда. Осы кезге дейін ауданішілік 13 бағыт бойынша жолаушылар тасымалымен айналысып келген «Жолаушы-Сервис А.Б.» ЖШС-мен жасалған келісім-шарттың мерзімі аяқталуына байланысты, жаңадан жарияланған конкурс нәтижесінде «Жақсат и К» ЖК жеңімпаз болып танылған. Ал, «Арал-Токабай» секілді бірқатар бағытқа екінші мәрте конкурс жарияланып, бүгінгі күні қатысушылардан құжат қабылдау жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімінің орынбасарынан ауыз су мәселесінің де мән-жайын сұрағанбыз.

– Токабай ауылын ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында облыстық бюджеттен 52 миллион теңге бөлініп, жоба-металлық құжаттамалар әзірленді. Бүгінгі таңда жоба-металлық құжаттамаларға сараптама қорытындысы алынып, құрылысын республикалық бюджеттен қаржыландыру үшін құжаттамаларды ҚР АШМ Су ресурстары комитетінің төңіріміне өткізу жұмыстары жүргізілуде, – деді М.Мейірбеков.

Сонымен бірге, токабайлықтардың ғаламторға қосылатын күні де алыс емес. Интернет желісіне қосу үшін құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алуға ашық тендер өткізіліп, осы апта басында жеңімпаз мердігер анықталды. Жыл аяғына дейін антенна-мачталық құрылғы жұмыстарын аяқтау жоспарланып отыр. Қызылорда жергілікті желілік телекоммуникация торабы 2019 жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін осы құрылғы арқылы ауылды радио релейлік желі әлісімен интернетке қосу жұмыстарын жүргізіп, пайдалануға беретін болады.

М.ҚҰРМАНӨЛІ.

Корнекті ғалым Әбдікәрім Тәжмағанбетұлы жарты ғасырдан астам уақыт жоғары білімді педагог-кадрлар даярлауға сүбелі үлес қосқан маманның бірі еді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Әлеуметтік ғылымдар Академиясының құрметті академигі атанған ғалымның шәкірттері қазір еліміздің әр түрлі жерінде еңбек етуде.

Әбдікәрім аға 1929 жылдың қаңтар айында Ақтөбенің Ойыл ауданында дүниеге келген. Бүкіл Қазақстанды жайлаған аштық жылдары ол Түркменстанның Ташауз аймағындағы жетім балалар үйінде тәрбиеленді.

1943 жылы 7-сыныпты бітірген соң Ташауз қаласындағы мұғалімдер институтының 3 айлық дайындық курсы, одан аталған институттың физика-математика факультетін 1945 жылы үздік дипломмен бітіреді. 1945-46 оқу жылында сол қаладағы ауыл шаруашылық техникумының оқытушысы болады.

1946 жылы Қазақстанға оралған бетте Қызылорда пединститутына оқуға түсіп, оны 1948 жылы бітіреді.

Институт қабырғасында Әбекен Одақ деңгейінде танымал болған А.Тайманов секілді атакты ғалымдардан дәріс алды.

1948-53 жылдары Арал қаласындағы №13 Т.Г.Шевченко атындағы орта мектепте сабақ берген Әбекен 1953 жылдан бастап Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтында А.Таймановтың шақыруымен жұмысқа қабылданып, түрлі лауазымды қызметтер атқарды. 1954-64 жылдары институттың физика-математика факультетінің деканы, 1964-79 жылдары кафедра меңгерушісі, 1980-87 жылдары Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарындағы мектептер басшыларының біліктілігін жоғарылату факультетінің деканы, ал 1987-92 жылдары кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1992 жылдан өмірінің соңына дейін «Математика және математиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының профессоры ретінде студенттер мен жас әріптестеріне ақылшы ұстаз-аға болды.

Ә.Тәжмағанбетұлының әр кезеңде дәріс, тәлім-тәрбие алғандардың ішінде академик



ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ

Ә.Нысанбаев, ғылым докторлары Қ.Жанәбергенов, Б.Сейсенов, Д.Көшеров, Б.Әбдікәрімов, ғылым кандидаттары Б.Қашқынбаев, Ы.Қарқынбаев, Ж.Өтеулиев, Н.Әбдрахманов, Ш.Күлебаева, С.Баекова, В.Серікбаева, Б.Тұрбаев, З.Қасаева, Т.Ділманов және т.б. бар.

Факультеттің аға буын өкілдері түрлі кезеңдегі қиындықтарды жеңе отырып, Одаққа белгілі жетекші ғылыми орталықтармен тығыз байланыс жасай білді. 1961 жылы Әбекен бүкілодақтық педагогикалық оқулардың жүлдесі болып, абырой биігінен көрінді, ал 1966 жылы Мәскеуде өткен Дүниежүзілік математиктер конгресіне КСРО атынан А.Тайманов, С.Елубаев үшеуі делегат болып қатысты.

Ә.Тәжмағанбетұлы 1967 жылы Киев мемлекеттік педагогика институтында аспирантурасыз және ғылыми жетекшісіз «Взаимосвязь в преподавании математики и физики в общеобразовательной школе (на примере обучения алгебры)» диссертациясын табысты қорғап, доктор педагогикасында зерттеулердің жаңа бағытына жол ашты.

Кеңес Одағы кезіндегі халықаралық, одақтық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларына баяндамашы ретінде (Мәскеу, Орынбор, Курск, Ашхабат, Даугавпилс, т.т.) қатысты.

Педагог-ғалымның еңбегі тиісті бағасын алды, ол «КСРО ағарту ісінің озаты», «Қазақ КСР ағарту ісінің озаты», «Ерекше еңбек үздігі» медалінің иегері атанды.

Математиканың сапалық жағына, терминдердің қолдануларына, олардың қазақ тіліне

дұрыс аударылуына Әбекен баса көңіл бөлетін.

Ол 130-дан астам ғылыми-әдістемелік еңбек жазды. Олардың ішінде математиканың пәнаралық байланыстарына арналған әдістемелік құралдар мен нұсқаулар бар. Орта және жоғары мектепте математиканы оқытудағы пәнаралық байланыстардың ролін арнайы және маңызды проблема ретінде зерттеді. 1987 жылы Мәскеуде оның «Межпредметные факультативы по математике и физике» және «Совместное повторение математики и физики» атты әдістемелік құнды нұсқаулары жарық көрді.

Кафедра меңгерушісі ретінде Әбдікәрім ағай жас оқыту-

әдістемелік директоры, ал С.Мендікжаева мен З.Сейлова педагогика ғылымдарының кандидаттары, доценттер.

Бүгінде Қорқыт ата атындағы КМУ-да профессор Ә.Тәжмағанбетұлының ғылымдағы салған сара бағыты мен ізденістері жалғасын табуда.

«Мұғалім мамандығын – адамтану әлеміне ену, адамның күрделі және қызықты, шым-шымтығыры мол рухани жан дүниесіне үйіле білу деп түсінген жөн. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер дегеніміз ол даналықты бар жүректен ұға білу болып табылады» деген В.А.Сухомилинскийдің сөздері Әбдікәрім аға Тәжмағанбетұлына,

шылардың оқу жүктемесіндегі пәндерді жиі ауыстырып отыратын. Кезінде пединститутта оқымаған сабақтарды да жүктемеге қосқызып қоятын. Соның арқасында жас оқытушы әр жылда жаңа пәннен дәріс беріп, ол пәндердің қыр-сырын меңгере алатын.

Әбдікәрім ағайдың тағы бір әдеті – жұмыстан қайтар мезгілде бар мәселені қозғап «Үйде осыны ойланыңдаршы, неге бұлай, а?» – деп ой салып жіберетін. Сонда «ағай бұны шынымен де түсінбей тұр ма екен?» деп, пікір таластырып отыратынбыз. Бұлар, әдетте, педагогиканың, математиканы оқыту методикасының, геометрияның, не математикалық логиканың сұрақтары болатын. Үйге келе сала оқулықтарды ақтарып, жауап іздей бастайтынбыз. Сондағы ағайдың мақсаты – бізді ізденсін, білсін, дейді екен ғой.

Ғалым «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі» саласында дербес ғылыми бағыт қалыптастырып кетті. Оның тікелей ғылымдағы шәкірттері Валентина Серікбаева М.Горький атындағы Киев мемлекеттік педагогикалық институтының аспирантурасын бітірген, Мәскеудегі халықаралық білім беру ғылымдары академиясының (МАНПО) корреспондент-мүшесі, КМУ-дың академиялық профессоры, Зәуреш Қасаева Мәскеу мемлекеттік педагогикалық институтының аспирантурасын бітірген, п.ғ.к., Мәскеудегі халықаралық білім беру ғылымдары академиясының (МАНПО) корреспондент-мүшесі, қазірде Қазақстан инновациялық университетінің Қызылорда қаласындағы

оның ұстаздық өміріне қатысты айтылған сияқты.

Өз ісін жалғастыра келінін бұрын өкілдеріне тәлімгер, үлгі бола білген қамқор ғалым ағаның қуатты жүрегі 2001 жылдың 30 қарашасында соғып тоқтады...

Қызылорда мемлекеттік университеті ғылыми Кеңесінің шешімімен п.ғ.к., профессор Ә.Тәжмағанбетовтің есімі өзі дәріс берген 6-оқу ғимаратындағы 303-дәрісханаға берілді, онда білім қуған ХХІ-ғасырдың жас ұрпағы ұстаздарынан дәрістер тыңдап, мамандыққа қанығуда.

Әбдікәрім Тәжмағанбетұлы заңыбы Сара апаймен бірге 5 ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, өнегелі отбасы атанды. Сара апай Арал қаласындағы орта мектепте, кейін Қызылорда қаласындағы №5 орта мектепте қазақ тілі пәнінен дәріс берді. Қазір еңбек демалысында, немере-шөбере сүйіп отырған арпақты әже, Алматы қаласында тұрады. Ұлдары Ерболат сондағы «Экотера» ЖШС-ның директоры қызметін атқаруда, Нұрболы – «Алматы қалалық жылу желісін» қаржы басқармасының басшысы, ал қызы Сәуле «Қаз-экология» ЖШС-да инженер-механик болып қызмет атқарып, қазір зейнеткерлік демалысқа шықты.

Ұлағатты ұстаз-ғалымның ғұмыры ұрпағы мен шәкірттері арқылы жалғасын табуда.

Б.ҚАЛИЕВ,
Қорқыт ата атындағы КМУ «Физика-математика кафедрасының» меңгерушісі, т.ғ.к., профессор,
В.СЕРІКБАЕВА,
кафедра профессоры, п.ғ.к.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Кәсіпкерлер үшін сервистік қолдау» компонентінің жүзеге асырылып жатқанын хабарлайды.

Ұсынылатын қызмет түрлері:

1. Бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері;
2. Кеден рәсімдері бойынша қызметтер;
3. Кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындардың өтінімдерін сүйемселеу;
4. Заң қызметтері;
5. Маркетинг сұрақтары бойынша қызметтер;
6. Ақпараттық технологиялардың қызмет көрсетуі саласында кеңес беру қызметтері;

7. Мемлекеттік сатып алулар, ұлттық компаниялар мен жер қойнауын қолданушылардың сатып алулары бойынша қызметтер; 8. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік саласындағы қызметтер.

ҚЫЗМЕТТЕР АҚЫСЫЗ ТҮРДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ.

Жоғарыда көрсетілген қызмет түрлерін Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 42 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасынан алуға болады.

Сондай-ақ, жоғарыда аталған қызмет түрлері бойынша www.services.atameken.kz порталы арқылы онлайн түрде көмек алуға болады.

Облыс аудандарындағы Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының филиалындағы Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарында қызмет түрлері кәсіпкерлер өтініші бойынша көрсетіледі.

Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының мекен-жайлары:

Арал ауданы – Арал к., Бактыбай батыр к-сі, №46 үй, тел.: 8/72433/79199;

Қазалы ауданы – Өйтеке би кенті – Өйтеке би к-сі, №9 үй, тел.: 8/72438/79243;

Қазалы ауданы – Қазалы қаласы – Жалаңтөс баһадүр к-сі, №23 үй, тел.: 8/72433/79199;

Қармақшы ауданы – Жосалы кенті, Көшербаев к-сі, №36 үй, тел.: 8/72437/79120;

Жалағаш ауданы – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, №47 үй, тел.: 8/72431/79199;

Сырдария ауданы – Тереңөзек кенті, Қонаев к-сі, №12 А үй, тел.: 8/72436/79179;

Шиелі ауданы – Шиелі кенті, Рысқұлов к-сі, №5 үй, тел.: 8/72432/79255;

Жаңақорған ауданы – Жаңақорған кенті, А.Иманов к-сі, №134 «а» үй, тел.: 8/72435/79120;

Қармақшы ауданы – Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16, тел.: 8/33622/23527.

Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02
Call-Center - 1432

САТЫЛАДЫ

«Мағжан және К» ЖШС магниттелген жоңышқа тұқымы сатылатынын хабарлайды. Бағасы 1000 тт/кг. Лицензия KZ54RDC00000463.
Тел: +7 707 666 12 48.

(3-1)

Eurasian Bank

Кез келген мақсаттарға арналған зейнеткерлер үшін кредит

700 000 ₸ дейін

Сіздің де армандарыңыз орындалсын

+7 (727) 332 77 22 7722

Smartbank

eurbank.kz

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған. Авторларға қаламақы талсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарыпмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АК» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Газеттің таралымы бойынша 8/242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы **28687**
Тапсырыс №**1962**

Кезекші редактор **Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

Редакция мекен-жайы: **Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".**

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz